

АУЫЛДЫҚ ЖЕРЛЕРДЕГІ ЖАСТАР САЯСАТЫ: ЕКПІНДІ ӨЗГЕРТУ ҚАЖЕТТІЛІГІ

YOUTH POLICY IN RURAL AREAS: THE NEED FOR A CHANGE OF FOCUS

**МОЛОДЕЖНАЯ ПОЛИТИКА В СЕЛЬСКОЙ МЕСТНОСТИ:
НЕОБХОДИМОСТЬ ИЗМЕНЕНИЯ АКЦЕНТОВ**

А.Е. МУХАНОВА *¹

Э.Ф.К.

Ж.Б. СМАГУЛОВА¹

экономика магистрі

А.С. БЕЛГИБАЕВА²

Э.Ф.К., доцент

¹Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қызылорда, Қазақстан

²Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан

*автордың электрондық поштасы: aia_mukanova@mail.ru

A.E. MUKANOVA *¹

C.E.Sc.

ZH.B. SMAGULOVA¹

Master of Economics

A.S. BELGIBAYEVA²

C.E.Sc., Associated Professor

¹Korkyt Ata Kyzylorda State University, Kyzylorda, Kazakhstan

² Sh. Valikhanov Kokshetau University, Kokshetau, Kazakhstan

*corresponding author e-mail: aia_mukanova@mail.ru

A.E. МУХАНОВА *¹

К.Э.Н.

Ж.Б. СМАГУЛОВА¹

магистр экономика

А.С. БЕЛГИБАЕВА²

К.Э.Н., доцент

¹Қызылординский государственный университет им. Коркыт Ата,
Қызылорда, Казахстан

²Кокшетауский университет им. Ш. Уәлиханова, Кокшетау, Казахстан

*электронная почта автора: aia_mukanova@mail.ru

Аңдатпа. Мақсаты – ауылда жас мамандарды бекіту проблемаларын, ауылдық жерлерде жұмыс таңдауына әсер ететін және көші-қон тәртібін айқындайтын факторларды талдау; ауылдық жерлерде жастар саясатының рөлін көрсету; жастарды жұмыспен қамтудың жаңа тәсілдері. Әдістері – зерттеудің теориялық негізі республикадағы және оның аймақтарындағы жас ұрпақтың даму динамикасының көрсеткіштері негізінде отандық және шетелдік ғалымдардың, жас кадрлар қызметінің мәселелері бойынша жетекші мамандардың іргелі және қолданбалы әзірлемелерінің қорытындылары болды. Нәтижелері – жас мамандардың ауылдық аумақтардың жағдайларына бейімделуіне әсер ететін жағдайлар қаралған, олардың кәсіби өсуінің перспективалық бағыттары айқындалған, өзін-өзі анықтау және шығармашылық қабілеттерін іске асыру, қолайлы экономикалық, әлеуметтік және құқықтық кепілдіктер құру қажеттілігі дәлелденген. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында осы саладағы өз даму жолының тәжірибесі жинақталған, бұл ауылдағы жастар кадр саясатының қазақстандық моделі туралы пайымдауға мүмкіндік береді. Іске асырылып жатқан шаралардың тиімділігіне баға берілген. Қазақстанның аграрлық секторы өндірісінің көлемін ұлғайтуға бағытталған стратегиялық, тактикалық, жедел жоспарлар мен бағдарламаларды құру кезінде пайдаланылуы мүмкін жас қызметкерлерді қолдаудың тиімді құралдарын енгізу бойынша ұсынымдар әзірленген. *Қортындылар* – шет елдердің тәжірибесі бойынша жастардың әртүрлі санаттарымен нақты (нүктелік) жұмыс жүргізу керек. Тиімді жүргізіліп

Біздің елімізде «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» ҚР Заңы бойынша жастар – 14 жас пен 29 жасқа дейінгі азаматтар [1] болса, БҰҰ жастарды 18-44 жас аралығындағы әлеуметтік-демографиялық топ деп көрсетеді. Жастар мәселелерін зерттеушілер тарапынан да осы әлеуметтік топтың жас ерекшеліктерін анықтауда нақты көрсетілген сан жоқ.

Әдетте әлеуметтанушылар жастарды екі топқа бөліп қарастырады: бойында физиологиялық және психикалық тұрғыдан жетілу процесі қарқынды жүріп жатқан немесе енді аяқталған топ ретінде; социумға ену процесі аяқталған ересек тұлға ретінде.

Кез келген елдің болашағы, ілгері дамуы осы ұрпақтың қандай болатынына, қаншалықты дамығанына байланысты. Дәл қазіргі уақытта жастардың осы рөлді жүзеге асыруы үшін негіз қалыптасуда. Ресейлік авторлар берген «жастар» ұғымының толық анықтамаларының бірі В.Т.Лисовскийге тиесілі. Оның пікірінше, жастар – бұл әлеуметтену сатысынан өтетін, дайындалған (немесе дайын болған) жалпы білім беру, кәсіптік, мәдени және басқа да әлеуметтік функцияларды меңгеретін (және есейген жаста үйренген) адамдар ұрпағы [2].

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеудің әдістемелік негізін адами капиталды басқару саласындағы отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері, ғылыми идеялары, тұжырымдамалары құрады. Жұмыста әдістемелік құрал ретінде алға қойылған міндеттерді шешу үшін жүйелі тәсіл, шындықты сандық және сапалық зерттеу әдістері, сараптамалық бағалаулар, статистикалық талдаулар пайдаланылды.

Талдау аясында 2021ж. «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы жүргізген «Қазақстан жастары» талдамалық баяндамасының, «Қазақстан жастары: тәуелсіздікке – 30 жыл» ұлттық баяндама, әлеуметтанулық сұраудың нәтижесінің, мемлекеттік органдардың, халықаралық ұйымдардың, зерттеу институттарының өзекті статистикалық және талдамалық деректері пайдаланылды.

Зерттеудің ақпараттық-эмпирикалық базасы ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының ҚР мен өңірлері контекстінде жастар туралы есептің деректері, ғылыми мекемелер мен халықаралық ұйымдардың зерттеулері мен есептерінің ресми статистикалық және ақпараттық материалдары, ғылыми жарияланымдар, шетелдік және отандық авторлардың эсселері,

интернет-ресурстар және басқа да көздер негізінде қалыптасты.

Шетелдік және отандық әдебиеттерді зерделеу барысында ауылдық жерлердегі жастар саясаты мәселесі әлі де жеткілікті зерттелмегені, мәселелердің бар екендігі анықталды. Қазіргі даму кезеңінде жас мамандар ел халқының әлеуметтік жағынан осал санатының бірі болып табылатынын ескерген жөн. Сондықтан бүгінде ауылдағы жастар саясатына қатысты мәселелерді шешу өте өзекті және бұл зерттеулердің қажеттілігі анықталды.

Нәтижелер және оларды талқылау.

Елімізде 29 жасқа дейінгі 3,74 млн азамат жастар санатына кіреді, ол жалпы халықтың 19,8%, оның ішінде ауыл жастары 1,64 млн (43,8%), қала жастары 2,1 млн (56,2%). Қала жастарының саны ауыл жастары санынан артық. Жұмыссыз жастар саны 2022 жылдың аяғында 68547 адамды құрады (2021 жылы – 77648 адам), жұмыссыз жастар санының азаюы байқалады.

Жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 2022 жылдың аяғында 3,9 құрады (2021 жылы – 3,8%). Өңірлік тұрғыда ең жоғары көрсеткіш Алматы қаласында – 5,6%, Қарағанды облысында – 4,8%, Астана қаласында – 4,6%. Ең төменгі көрсеткіштер Атырау облысында – 2,4%, Ақтөбе мен Павлодарда – 2,8%, Қостанай, Жамбыл және Ақмола облыстарында – 3,1% [3].

Жастарды жұмыспен қамту мәселесіне айрықша назар аударылған. Әлеуметтік зерттеулердің нәтижелері бойынша еліміздегі жастардың 40%-ға жуығы тұрақты түрде жұмысқа орналасу мәселелерін бастарынан өткізеді. 15-28 жастағы жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 3,8%, NEET жастарының жұмыссыздығы, яғни білім алумен немесе кәсіби даярлықпен айналыспайтын жастардың үлесі 2022 жылдың аяғында 6,5%-ды құрады, яғни (2021ж. аяғында – 6,7%), 0,2%-ға төмендеу байқалады. Аталған көрсеткішке қарамастан жастар арасында жұмыспен қамтылу мәселесі өзекті болып қала бермек.

Қазақстандағы Ф.Эберт Қорының «Орта Азия жастары: салыстырмалы шолу» тақырыбына жүргізген әлеуметтанулық сұраудың нәтижесі еліміздегі жастарды тұрғылықты мекенінен көшуге итермелейтін басты себептерге өмір сүру сапасын арттыру (Қазақстан бойынша сұралған барлық респонденттің 41,6%-ы), шетелде жұмыс орындарының көп болуы (38,7% респондент), материалдық жағдайды жақсарту сияқты экономикалық факторларды көрсетеді [4].

Елімізде жан басына шаққандағы жоғары білім деңгейінің басқа дамушы елдермен салыстырмалы түрде жоғары болуына қарамастан құрылымдық жұмыссыздық мәселесі алдыңғы орында тұр. Мамандар халықтың басым бөлігінің жұмыс-бастылығын қамтамасыз ету үшін келесі салаларды дамытуды ұсынады: ауыл шаруашылығы; тамақ және жеңіл өнеркәсіп; қызмет көрсету саласы мен туризм.

Сондай-ақ, қазіргі кезде қарқынды жүріп жатқан урбанизация ауыл жастарының қалаға қарай көптеп көшуіне әсер етіп отыр, нәтижесінде ірі қалалар маңында өмір сүретін халықтың өмір сүру сапасының төмендеуі, жаңа маргинал топтардың пайда болуы, әлеуметтік агрессия әрекеттері байқалады, ал бұл мәселенің мемлекет тарапынан ауыл мен қала маңы жастарына қатысты ауқымды әлеуметтік-экономикалық шаралардың қолға алынуын қажет етеді.

Ауыл шаруашылығында мемлекет жетекші рөл атқарады, өйткені инвестициялардың арқасында оның тарапынан аграрлық бейіндегі жоғары оқу орындарында мамандар даярлау және қайта даярлау жүреді, сондай-ақ ауылдық жерлерде кәсіби кадрларды одан әрі бекіту үшін жағдайлар жасалады.

Бүгінгі таңда ауыл шаруашылығы саласындағы кәсіби кадрлардың "қартаюы" және олар үшін білікті ауыстырудың болмауы теріс үрдісі байқалады. Ең алдымен, жастардың ауыл шаруашылығынан кетуі материалдық қызығушылықтың төмендігімен, ауыр еңбек жағдайларымен және өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымның нашар дамуымен байланысты. Ауыл шаруашылығындағы жұмыскерлерді мемлекеттік қолдаудың қолданыстағы шаралары қаржыландырудың жеткіліксіздігімен фрагменттік тәртіпке ие және саладағы кадрларды жаңартуға елеулі әсер етпейді [5].

Бүгінгі таңда жас маман агроөнеркәсіптік кешенді және жалпы ауылдық аумақтарды дамытудың қозғаушы күші болып табылады. Жас мамандар (ауыл шаруашылығының мамандары да, әлеуметтік саланың қызметкерлері де) ауылдық жерлерге оның проблемаларымен жұмыс істеуге құлықсыз барады.

Ауылдық аумақтар жастар үшін ең беделді жұмыс орны емес, ал аграрлық секторға жұмысқа орналасу мемлекеттің осы бағыттағы белсенді жұмысына қарамастан, жас маманның әл-ауқатын және әлеуметтік игіліктердің қолжетімділігін қамтамасыз етуге әрдайым мүмкіндік бер-

мейді. Ал жас білікті мамандарсыз жоғары технологиялық ауыл шаруашылығын және ауылдық аумақтарды дамытудың жаңа кезеңіне шығару мүмкін емес.

Мемлекеттік жастар саясаты – қоғамның стратегиялық ресурстарының дамуының маңызды бағыттарының бірі.

Бүгінде мемлекеттік жастар саясаты дамудың жаңа кезеңіне өтуде. 2020 жылғы 30 желтоқсанда ҚР Үкіметінің №918 Қаулысымен Жастарды қолдаудың 2021-2025 жылдарға арналған кешенді жоспары бар [6].

Президенттік жастар кадр резервіне тіркеу жұмысы жүргізілуде. Жобаның стратегиялық мақсаты – тиімді менеджерлердің жаңа толқынын қалыптастыру, еліміздің жаңа буыны үшін пәрменді әлеуметтік лифтілер жүйесін құру. Іріктеу нәтижелері бойынша пулға жаңа формацияның басқарушылары болуға қабілетті, талантты, креативті жастар таңдалып алынады.

Жастар саласындағы мемлекеттік саясатты жетілдіру бойынша мемлекет басшысы қойған міндеттерді орындау мақсатында 2021 жылы «Тәуелсіздік ұрпақтары» ұлттық жобасы әзірленді. Бұл жоба аясында жастар даму индексін әзірлеу және оны аймақтарда дамыту, талантты жастарға «Тәуелсіздік ұрпақтар» грантын беру, отбасылық құндылықтарды дәріптеуге бағытталған. Жастардың орта жасын 35-ке дейін ұлғайту деген ұсыныс бар.

Ауылдық жерлердегі жастардың да мемлекеттік бағдарламалардан хабардар болуы үшін аудандарда жастар ресурстық орталығы ашылып, жұмыс істеп тұр. Ол жерде тегін кеңес алуға болады. Мемлекеттік қолдау шаралары аясында бір жылда бір миллионнан астам жас азаматқа қолдау көрсетілді.

Ауылдағы жастарға түсінікті тілмен ақпаратты жеткізу мақсатында жастар ресурстық орталығы жұмыс атқаруда. 2022 жылғы ақпаратқа сәйкес, жастарды қолдау жөніндегі институционалды база құрылды. Оның ішінде 227 өңірлік жастар ресурстық орталығы, 218 өңірлік жастар ісі жөніндегі кеңес, кәсіпорын, жоғары оқу орындарында, колледждерде 897 жастар ісі жөніндегі комитет, 547 жастар ұйымдары жұмыс істеп тұр.

Жастардың білім алуына қолайлы жағдай жасау үшін «Серпін» бағдарламасы да қарқынды жүріп жатыр. Осы бағыт бойынша бағдарлама аясында қамтылған мамандықтар тізімі кеңейтілді. Мысалы, «Серпін» бағдарламасына денсаулық сақтау саласы бойынша да мамандықтар қосылады. Ол бір жағынан жастардың

сапалы жоғары білім алуына жағдай жасаса, екінші жағынан солтүстік өңірге оңтүстік аймақтың жастарын жіберіп, ол аймақта қызмет етуіне серпін береді. Ал бұл бағдарлама бойынша жыл сайын бес мың грант бөлінеді.

Жастар кәсіпкерлігін дамыту – мемлекеттік жастар саясатының басым бағыттарының бірі. Шет елдердің тәжірибесі бойынша ол экономиканың негізгі қозғаушы күші болып табылады және елдің дамуының инновациялық жолына жылдам көшуіне ықпал етуі тиіс. Жастар бизнесінің ерекшелігі тұтыну сұраныстарына тез жауап беру – ерекше қызмет көрсету немесе жекелеген нарықтық сегменттер үшін ұсақ сериялы, бірегей өнім шығару болып табылады. Жастар, әдетте, ойлаудың креативтілігімен ерекшеленеді, бұл кәсіпкерлік қызметке, бизнестің бәсекеге қабілеттілігіне оң әсер етеді [7].

Қазіргі уақытта Қазақстанда жастар кәсіпкерлігін қолдаудың бірқатар бағдарламалары бар: нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» бағдарламасы, бағдарламаның басты мақсаттарының бірі жұмыссыз және өзін-өзі жұмыспен қамтыған жастарды қолдау болып табылады, «Бизнестің жол картасы – 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы; «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры аясында «Ісін жаңа бастаған кәсіпкерлер үшін», «Жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлер үшін» және «Бизнестегі әйелдер үшін» бағдарламалары, «Атамекен» Қазақстан Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы кәсіпкерлікті дамыту мақсатында кәсіпкерлікке оқыту жөніндегі жобаларды іске асырады және қатысады және т.б. қарастырылған.

Ресми ақпаратқа сәйкес, 2020 жылы «Еңбек» бағдарламасына қатысқандардың 33%-ы – жастар. Бағдарлама бойынша орман және балық шаруашылығы, өнеркәсіп, көлік, құрылыс, көтерме және бөлшек саудасы, тамақтану, қызмет көрсету, білім беру саласында жұмыс істеуге мүмкіндік болды.

Бағдарлама аясында «Тегін техникалық және кәсіптік білім беру» жобасы жүзеге асты. Ол жерде 9-шы немесе 11-ші сыныптан кейін оқуын жалғастыра алмаған мектеп түлектері тегін оқи алды. Бұл бағыт бойынша да 60 мыңға жуық адам білім алды.

«Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында халықтың тұрмысы төмен тобы үшін арнайы әлеуметтік жұмыс орындары ашылды. Сондай-ақ жастар практикасы және қоғамдық жұмыстар ұйымдастырылды. Оларға 2020 жылы жастар қатарынан

45,9 мыңнан астам адам жіберілді. Олар: әлеуметтік жұмыс орындары – 3,8 мың, жастар практикасы – 13,8 мың, қоғамдық жұмыстар – 28,3 мың.

Ал белгілі бір жерде оқымайтын, жұмыс істемейтін, ештеңеге құлқы жоқ NEET санатындағы жастарды қайта даярлау үшін қысқа мерзімді кәсіптік оқыту жолға қойылған. Ол бойынша 4,5 мың адам сұранысқа ие мамандық бойынша білім алуға жіберілді. Жастар кәсіпкерлігін қолдау үшін елде екі тілде «Бизнес аумағы сіздің даму үшін» ақпараттық және кеңес беру сайты жұмыс істейді [8].

Сайт аясында «Жастар бизнесі» атты айдарлармен жеке опция ұйымдастырылды: жастар кәсіпкерлігін қолдау бағдарламалары; жастар кәсіпкері мектебі; жас кәсіпкерлер қауымдастығы; жастар кәсіпкерлігін қолдаудың халықаралық тәжірибесі; жастар кәсіпкерлігі бойынша халықаралық ұйымдар; жетістік тарихы – жастардың жеке ісін құру және құру тәжірибесін баяндайтын айдар.

Бүгінде әлеуметтік желілер жастардың белсенділік таныту, өзін-өзі жүзеге асыру, өзін-өзі анықтау мүмкіндіктерін айтарлықтай кеңейтеді. Әлеуметтік желілер ғаламдық Интернетте ең көп кіретін ресурстардың бірі болып табылады, пайдаланушыға әртүрлі тақырыптар бойынша ақпараттың үлкен көлемін береді. Интернеттегі веб-сайттар мен әлеуметтік желілер оқу, жұмыс және т.б. процесінде туындайтын мәселелер бойынша қажетті ақпаратты алу үшін ашылады [9].

Республикалық қоғамдық пікірді зерттеу орталығы деректеріне сәйкес, 14-18 жас аралығындағы жастардың 68%-ы күніне 8 сағаттан астам әлеуметтік желіде отырады, бүгінде интернеттің ең белсенді пайдаланушылары болып табылады. Олар әлеуметтік желілерді кәсіби бағдар, мамандық таңдау, жұмыс табу және т.б. байланысты мәселелерді шешу үшін пайдаланады (1 сурет).


«Google Trends» ресми деректеріне сәйкес, 2015-2021жж. «Google» платформасы арқылы Қазақстандағы жастар арасында кәсіп таңдау және жұмыс табу бағыттары бойынша іздеу сұранысының алды төмендегідей:

* кәсіби бағдар бойынша электронды кітаптар, мақалалар, кәсіптік нұсқаулықтар; профессиограммалар (кәсіптердің қысқаша сипаттамасы);

* ақпараттық-іздігіру жүйелері - IPS (мамандықтарды, оқу орындарын және жұмыс орындарын іздеуді оңтайландыру үшін);

- * жоғары оқу орындарындағы мамандықтар сипаттамалары;
- * кәсіптік бағдар беру орталықтарының веб-сайттары;
- * жұмыспен қамту орталықтарының веб-сайттары;
- * кәсіпқой жарнама және үгіт-насихат;

- * өзін-өзі анықтау мәселелерін шешу жолдары туралы білім беретін онлайн дәрістер;
- * әңгіме-сұхбаттарды онлайн режимінде өткізу мүмкіндігі;
- * кәсіби қабілеттердің сауалнамасы және т.б.



1 сурет – «Интернеттен еңбек нарығы туралы қандай ақпаратты іздейсіз?» деген сұраққа жоғары сынып оқушыларының жауаптарын бөлу көрсеткіштері

Интернет ресурстарын пайдалану нәтижесінде жас адам өзінің кәсіби жоспарларын құру мүмкіндіктерін кеңейтеді. Мысалы, білім берудің қазіргі даму кезеңі заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды кеңінен қолданумен және жаһандық интернеттің мүмкіндіктерімен байланысты екенін ескерсек, олар білім алып жатқан мектептердің сайттары жас жеткіншектерге көмек болады. Бүгінде әрбір оқу орнының дерлік өз сайты бар.

Оқу орындарының көптеген сайттарын талдай отырып, олардың мазмұнын сипаттауға болады. Негізінен сайттарда жоғары оқу орындары туралы ақпарат, студенттер университетпен таныса алатын университеттердің сайттарына сілтемелер, түсу емтихандарына қойылатын талаптар, орташа ету балы, бос бюджеттік орындар, сұранысқа ие мамандықтар тізімі, әр мамандықтың қысқаша сипаттамалары және т.б. пайдалы ақпараттар бар.

Бүгінгі таңда республикада ел мектептерінде кәсіптік бағдар беруді жүйелі жүргізуге бағытталған мемлекеттік бағдарламалар мен жобалар жоқ. Көбінесе болашақ мамандықты таңдау жауапкершілігі оқушының өзіне, оның отбасына, туыстарына жүктеледі. Әдетте, оқушы өз таңдауында отбасының, достарының, мектеп

мұғалімдерінің кеңестерін басшылыққа алады. Өкінішке орай, мектеп оқушыларын кәсіптік бағдарлаудағы мемлекеттің рөлі өте төмен; мамандық таңдауда мамандандырылған көмекті жекелеген жеке орталықтар, үкіметтік емес ұйымдар, қорлар көрсетеді [10, 11].

Еңбек нарығымен танысу үшін интернетті пайдаланатындардың ішінде респонденттердің 53 пайызы Қапшағай қаласы мен Ұзынағаш ауылында тұратынын айта кеткен жөн. Бұл шағын қала тұрғындарының тұрғылықты жерінен тыс жерде еңбек нарығын зерттеуге мүмкіндіктері аз, сондықтан олар интернетті пайдалануға мәжбүр екенін көрсетеді.

Оқушы жастардың кәсіби жоспарларына әлеуметтік желілердің әсерін саралай отырып, олардың интернет арқылы ақша табу мүмкіндіктерінен хабардар ма, жоқ па, олардың өздері де осы мүмкіндікті пайдаланғысы келетінін анықтау маңызды болып көрінді.


Сауалнама барысында респонденттерге арнайы сұрақтар қойылды, олардың жауаптары мынаны көрсетті:

- 53% интернет арқылы ақша табуға болады деп есептейді;
- 41% әлеуметтік желілерде ақша табу мүмкіндігін жоққа шығармайды, бірақ

олардың пікірінше, бұл табыстың негізгі көзі бола алмайды;

- 54% кәсіби өмірін Интернетте жұмыс істеумен байланыстырғысы келеді;

ал респонденттердің 10%-ы қазірдің өзінде интернетте ақша табуда (2 сурет).



2 сурет – «Интернеттен еңбек нарығы туралы қандай ақпаратты іздейсіз?» деген сұраққа жоғары сынып оқушыларының жауаптарын талдау көрсеткіштері

Елімізде мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2023-2030 жылдарға арналған Жастар саясаты тұжырымдамасы әзірленуде. Тұжырымдама – Қазақстанның болашақ ұрпақтарының бейнесін және осындай бейнені тиімді қалыптастыру құралдарын сипаттайтын негізгі стратегиялық құжат. Бұл құжат мемлекеттік Жастар саясаттарының қағидаттары, ең алдымен, жастардың шыңдалуын дамыту үшін қолайлы жағдай жасау үшін қайта қаралуға бағытталған. Жастар саясаты мен жас азаматтарды әлеуметтік қолдаудың аражігін ажырату қажеттілігінен және оның мақсаты «Жастар үшін» деген қағидадан бас тартып, «жастармен бірге» деген қағиданы қолдану үшін туындаған [12,13].

Мемлекет бірқатар ұлттық жобаларды, түрлі деңгейдегі мақсатты бағдарламаларды іске асыру, гранттар, жеңілдіктер, субсидиялар беру арқылы білікті жастарды ауылға тартуға және ауылдық аумақтарды дамытуға айтарлықтай күш салуда. Мәселен, АӨК-нің тиімді кадрлық әлеуетін қалыптастыру және ауылдың әлеуметтік саласындағы кадрлық тапшылықты еңсеру, ауылдық жерлерде еңбек нарығын дамыту проблемаларын республикалық бюджет, жергілікті органдар бюджеттері және бюджеттен тыс көздер есебінен жас отбасылар мен жас мамандарды қолжетімді тұрғын

үймен қамтамасыз ету арқылы шешу ұсынылады.

Бұл жас отбасылар мен жас мамандардың тұрғын үй жағдайларын жақсартуға, оларды ауылдың АӨК және әлеуметтік саласында бекіту үшін жағдай жасауға, сондай-ақ ауыл жастарының көші-қонын тоқтатуға; ауылдың агроөнеркәсіптік кешені мен әлеуметтік саласында жұмыс істейтін жас мамандардың білім деңгейін арттыруға; демографиялық жағдайды жақсарту үшін жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Жас мамандар дамыған әлеуметтік-экономикалық және инженерлік инфрақұрылымы бар ауылдық жерлерге қоныстануға дайын [14,15]. Сонымен, мөлшері мен дамуы ауылдағы жас мамандардың бекітілуіне тікелей әсер ететін бірқатар көрсеткіштерді бөліп көрсетуге болады: жалақы; абаттандырылған тұрғын үйдің болуы; сумен жабдықтау, су бұру, жылыту, газдандыру; медициналық қызмет көрсетуге қолжетімділік; балаларды мектепке дейінгі және мектептегі білім беру мекемелеріндегі орындармен қамтамасыз ету; спорттық және мәдени демалыс; аумақтардың экономикалық дамуының жалпы деңгейі; қолайлы экологиялық жағдай.

Жүргізілген талдаудың көмегімен дамудың перспективалық бағыттарын бөліп көрсетеміз:

– бағдарламалар шеңберінде бюджет қаражатын пайдалану тиімділігін арттыру;

– тұрғын үй мәселелерін шешу бойынша өңірлік деңгейде кешенді бағдарлама әзірлеу: облыстың және ауданның ірі кәсіпорындары есебінен қызметтік тұрғын үй қорын құру; кейіннен әлеуметтік жалдауға ресімдеу мүмкіндігімен қызметтік тұрғын үй беру; жалдамалы тұрғын үй үшін төлем-ақыны ішінара өтеу; коммерциялық банкттердің кредиттік ресурстарын тарту есебінен ұзақ мерзімді тұрғын үй кредиттеу институтын, ипотекалық кредиттеу бағдарламаларын дамыту, әлеуметтік жалдау шарттарымен тұрғын үй беру практикасын дамыту;

– өңірлік және республикалық бюджеттер есебінен іске асырылатын бағдарламалар бойынша жас мамандарға ақшалай қаражат төлеу;

– қолданыстағы қаржы-кредит тетіктерінің тиімділігін арттыру, құрылыс салушыларға қалыптасқан жер учаскелеріне меншік құқығын берудің ашық конкурстық рәсімдерін енгізу және осы салада монополияға қарсы бақылауды күшейту, ресурс үнемдеуші технологияларды енгізу есебінен тұрғын үй құнын оңтайландыру;

– көрсетілетін әлеуметтік және тұрғын үй-коммуналдық қызметтердің сапасы мен санын арттыру;

– тұрғын үймен қамтамасыз ету бөлігінде қолданыстағы қолдау бағдарламалары туралы халықтың хабардарлығын жақсарту; өндірістік, коммуналдық-қойма, әкімшілік-офистік, қоғамдық-іскерлік, әлеуметтік-мәдени, коммуналдық-тұрмыстық және рекреациялық мақсаттағы күрделі құрылыс объектілерін орналастыру үшін жаңа алаңдар бөлу.

Қорытынды

1. Елімізде 29 жасқа дейінгі 3,74 млн азамат жастар санатына кіреді, ол жалпы халықтың 19,8%, оның ішінде ауыл жастары 1,64 млн (43,8%), қала жастары 2,1 млн (56,2%). Қала жастарының саны ауыл жастары санынан артық.

2. Жұмыссыз жастар санының азаюы байқалады. Жұмыссыз жастар саны 2021 жылы – 77648 адамды құраса, ал 2022 жылдың аяғында 68547 адамды құрады. 2022 жылы жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейінің ең жоғары көрсеткіші Астана және Алматы қалаларында, Қарағанды облысында, ал ең төменгі көрсеткіштер Атырау, Ақтөбе, Павлодар, Қостанай, Жамбыл және Ақмола облыстарында тіркелген.

3. Қазіргі кезде қарқынды жүріп жатқан урбанизация ауыл жастарының қалаға қарай көптеп көшуіне әсер етіп отыр, нәтижесінде ірі қалалар маңында өмір сүретін халықтың өмір сүру сапасының төмендеуі, жаңа маргинал топтардың пайда болуы, әлеуметтік агрессия әрекеттері байқалады. Бұл мәселенің мемлекет тарапынан ауыл мен қала маңы жастарына қатысты ауқымды әлеуметтік-экономикалық шаралардың қолға алынуын қажет етеді.

4. Үкімет тарапынан ауылдық еңбек нарығын реттеу, жұмыссыздық деңгейін төмендету, халықты лайықты өнімді жұмыспен қамту, кәсіпкерлікті дамыту, ауылдық елдімекендердің әлеуетін арттыру бойынша іс-шаралар кешені кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда.

5. Ауылдық жерлердегі жастардың да мемлекеттік бағдарламалардан хабардар болуы үшін аудандарда жастар ресурстық орталығы ашылып, жұмыс істеп тұр. 2022 жылғы ақпаратқа сәйкес, жастарды қолдау жөніндегі институционалды база құрылды. Оның ішінде 227 өңірлік жастар ресурстық орталығы, 218 өңірлік жастар ісі жөніндегі кеңес, кәсіпорын, жоғары оқу орындарында, колледждерде 897 жастар ісі жөніндегі комитет, 547 жастар ұйымдары жұмыс істеп тұр.

Әдебиеттер тізімі

[1] Мемлекеттік жастар саясаты туралы» ҚР Заңы 2015 жылғы 9 ақпандағы № 285-V ҚРЗ [Электрондық ресурс].-2015.- URL: <http://https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000285> (қаралған күні: 10.12.2022).

[2] Лисовский, В.Т. Социология молодежи-жу: учеб. / В.Т. Лисовский.-Санкт-Петербург: Санкт-Петербургский университет, 2012.-460с.

[3] Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының ресми сайты [Электрондық ресурс].- 2022.- URL: <https://www.stat.gov.kz> (қаралған күні: 06.01.2023).

[4] Хурельман К.Молодежь Центральной Азии: сравнительный обзор /К. Хурельман, П.Тешендорф.- Алматы: ТОО «Deluxe Printery», 2017.- 90 с.

[5] «Мемлекеттік жастар саясатының жағдайы: қажеттіліктері мен әлеуметтік тәжірибелері» талдамалық баяндамасы [Электрондық ресурс].- 2018.- URL: <https://www.eljastary.kz/ru/research/16945> (қаралған күні: 05.01.2023).

[6] Қазақстан Республикасының жастарын қолдау жөніндегі 2021-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 29 желтоқсандағы № 918 қаулысы [Элек-

трондық ресурс].-2020.- URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2000000918#z0> (қаралған күні: 26.12.2022).

[7] Жастар кәсіпкерлігі: олар қандай проблемалармен бетпе-бет келуде? [Электрондық ресурс].-2019.-URL: <https://okg.kz/post?id=18036&slug=zhashtar-kaslpkerlgl:olar-qandai-problemalarmen-betpe-bet-kelude> (қаралған күні: 5.12.2022).

[8] Муханова, А.Е. Ауылды жерлерде елдің өмір сүрудеңгейін арттырудағы отбасылық бизнестің ролі/ А.Е. Муханова, С.Т.Жумашева//Проблемы агрорынка.-2017.-№1.-Б.56-62.

[9] Кантарбаева, Ш.М. Роль самоуправления в повышении качества жизни жителей села / Ш.М.Кантарбаева, С.Т. Жумашева, Ж.Б. Смагулова // Проблемы агрорынка.-2021.- №3.- С.172-179.

[10] Халық бірлігі және жүйелі реформалар - елдің өркендеуінің берік негізі [Электрондық ресурс].- 2021.- URL: <https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva--kasy-zhomarta-tokaeva--narodu--kazahstana--183048> (қаралған күні: 20.12.2022).

[11] «Қазақстан жастары - 2021: Тәуелсіздікке-30 жыл» ұлттық баяндамасы [Электрондық ресурс].-2021.-URL: <https://eljastary.kz/upload/iblock/0e6/1xtjt7dlq0xu1a7hjm540sw3fxzdhugd.pdf> (қаралған күні: 04.12.2022).

[12] «Қазақстан жастары» әлеуметтанулық зерттеуі [Электрондық ресурс].- 2021.- URL: <https://eljastary.kz/ru/research/18104/> (қаралған күні: 27.12.2022).

[13] «Жастардың негізгі топтарының мәселелері мен қажеттіліктері» әлеуметтанулық зерттеуі [Электрондық ресурс].-2020.- URL:// <https://eljastary.kz/ru/research/16957/> (қаралған күні: 08.12.2022).

[14] Building Inclusive Labour Markets in Kazakhstan: A Focus on Youth, Older Workers and People with Disabilities [Electronic resource].-2017.- URL: <https://read.oecd-ilibrary.org/employment/building-inclusive-labour-market-skazakhstan9789264273023-en#page1> (date of access: 28.11.2022).

[15] Численность молодёжи в Казахстане составляет 4 млн человек [Электронный ресурс].- 2018.- URL: <https://inbusiness.kz/ru/last/chislennost-molodezhi-v-kazahstane-sostavlyayet-4-mln-chelov> (дата обращения: 14.11.2022).

References

[1] "Memleketтік jastар saiasaty turaly" QR Zaңy 2015 jylǵy 9 aqpanдаǵy № 285-V QRZ [Law of the Republic of Kazakhstan on "State Youth Policy" dated February 9, 2015 No. 285-V RK] (2015). Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000285> (date of access: 10.12.2022) [in Kazakh].

[2] Lisovsky, V.T. (2012). *Sociologija molo-dezhi: ucheb. [Sociology of youth: textbook].*

Saint Petersburg: Saint Petersburg University, 460 [in Russian].

[3] Qazaqstan Respublikasy Strategialyq josparlau jáne reformalar agenttigi Últtyq statistika bürosynyñ resmi saity [Official website of the Bureau of national statistics of the agency of the Republic of Kazakhstan for Strategic Planning and reforms] (2022). Available at: <https://www.stat.gov.kz> (date of access: 06.01.2021) [in Kazakh].

[4] Hurelman, K., Tischendorf, P. (2017). *Molodezh' Central'noj Azii: sravnitel'nyj obzor [Youth of Central Asia: a comparative review].* Almaty: Deluxe Printery LLP, 90 [in Russian].

[5] «Memleketтік jastар saiasatynyñ jaǵdaiy: qajettilikteri men әleumettik täjiribeleri» taldamalyq baıandamasy [Analytical report "state of state youth policy: needs and social practices"] (2018). Available at: <https://www.eljastary.kz/ru/research/16945> (date of access: 05.01.2023) [in Kazakh].

[6] Qazaqstan Respublikasynyñ jastaryn qoldau jöningeǵy 2021-2025 jylдарǵa арналǵан keşendi jospardy bekıtu turaly Qazaqstan Respublikasy Ükimetiniñ 2020 jylǵy 29 jeltoqsандаǵy № 918 qaulysy [Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated December 29, 2020 No. 918 on approval of the Comprehensive Plan for youth support of the Republic of Kazakhstan for 2021-2025] (2020). Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2000000918#z0> (date of access: 26.12.2022) [in Kazakh].

[7] Jastар kәsіpkerlіgі: оlar qандаi problemalarmen betpe-bet kelude? [Youth Entrepreneurship: what problems are they facing?] (2019). Available at: <https://okg.kz/post?id=18036&slug=zhashtar-kaslpkerlgl:olar-qandai-problemalarmen-betpe-bet-kelude> (date of access: 5.12.2022) [in Kazakh].

[8] Mukhanova, A.E., Zhumasheva, S.T. (2017). Auyldy jerlerde eldiñ ömir sürudeñgeiin arttyrudaǵy otbasylyq biznestiñ roli [The role of family business in improving the level of living in rural areas]. *Problemy agrorynka - Problems of AgriMarket*, 1, 56-62 [in Kazakh].

[9] Kantarbayeva, Sh.M., Zhumasheva, S.T., Smagulova, Zh.B. (2021). Röl samoupravleniya v povыshenii kachestva jizni jitelei sela [The role of self-government in improving the quality of life of rural residents]. *Problemy agrorynka - Problems of AgriMarket*, 3, 172-179 [in Russian].

[10] Halyq birligi jáne júieli reformalar - eldiñ örkendeuiniñ berik negizi [People's unity and systemic reforms are a solid foundation for the country's prosperity] (2021). Available at: www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva--kasy-zhomarta-tokaeva--narodu--kazahstana--183048 (date of access: 20.02.2022) [in Kazakh].

[11] «Qazaqstan jastary- 2021: Tәuelsizdikke- 30 jyl» ұлттық baıandamasy [National report "Youth of Kazakhstan-2021: 30 years of Independen-

dence"] (2021). Available at: <https://eljastary.kz/upload/iblock/0e6/lxtjt7dlq0xu1a7hjm540sw3fxzdhycd.pdf> (date of access: 04.02.2021) [in Kazakh].

[12] «Qazaqstan jastary» äleumettanulyq zertteu [Sociological study "Youth of Kazakhstan"] (2021). Available at: <https://eljastary.kz/ru/research/18104/> (date of access: 27.02.2022) [in Kazakh].

[13] «Jastardyñ negizgi toptarynyñ mäseleleri men qajettilikteri» äleumettanulyq zertteu [Sociological study "Problems and needs of the main youth groups"] (2020). Available at: <https://eljastary.kz/ru/research/16957/> (date of access: 08.12.2022) [in Kazakh].

[14] Building Inclusive Labour Markets in Kazakhstan: A Focus on Youth, Older Workers and People with Disabilities (2017). Available at: https://read.oecd-ilibrary.org/employment/building-inclusive-labour-marketskazakhstan_9789264273023-en#page1 (date of access: 28.11.2022).

[15] Chislenöst molodöji v Kazahstane sostavläet 4 mln chelovek [The number of young people in Kazakhstan is 4 million people] (2018). Available at: <httpss://inbusiness.kz/ru/last/chislenost-molodezhi-v-kazahstane-sostavlyaet-4-mln-chelov> (date of access: 14.11.2022) [in Russian].

Авторлар туралы ақпарат:

Мұханова Айгүл Ерденбекқызы – негізгі автор; экономика ғылымдарының кандидаты; «Экономика және басқару» кафедрасының қауымдастырылған профессор м.а.; Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті; 120014 Айтеке би көш., 29 а, Қызылорда қ., Қазақстан; e-mail: aia_mukanova@mail.ru; <https://www.orcid.org/0000-0001-9332-2591>

Смағұлова Жанна Бағланқызы; экономика магистрі; «Экономика және басқару» кафедрасының аға оқытушысы; Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті; 120014 Айтеке би көш., 29 а, Қызылорда қ., Қазақстан; e-mail: zchanna_555@mail.ru; <https://www.orcid.org/0000-0002-3880-7983>

Бельгибаева Анаргүл Сарсенбаевна; экономика ғылымдарының кандидаты, доцент; «Бизнес және қызметтер» кафедрасының профессоры; Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті; 020000 Абай көш., 76, Көкшетау қ., Қазақстан; e-mail: anargul.belgibayeva@mail.ru; <https://www.orcid.org/0000-0001-5583-0624>

Information about authors:

Mukhanova Aigul Erdenbekovna – The main author; Candidate of Economic Sciences; Acting Associated Professor of the Department of Economics and Management; Korkyt Ata Kyzylorda State University; 120014 Aiteke bi str., 29 a, Kyzylorda, Kazakhstan; e-mail: zchanna_555@mail.ru; <https://www.orcid.org/0000-0002-3800-7983>

Smagulova Zhanna Baglanovna; Master of Economics; Senior Lecturer of the Department of Economics and Management; Korkyt Ata Kyzylorda State University; 120014 Aiteke bi str., 29 a, Kyzylorda, Kazakhstan; e-mail: zchanna_555@mail.ru; <https://www.orcid.org/0000-0002-3800-7983>

Belgibayeva Anargul Sarsenbayevna; Candidate of Economic Sciences, Associated Professor; Professor of the Department of Business and Services; Sh. Ualikhanov Kokshetau University; 020000, Abay str., 76, Kokshetau, Kazakhstan; e-mail: anargul.belgibayeva@mail.ru; <https://www.orcid.org/0000-0001-5583-0624>

Информация об авторах:

Муханова Айгүл Ерденбековна – основной автор; кандидат экономических наук; и.о. ассоциированного профессора кафедры «Экономика и управление»; Кызылординский государственный университет им. Коркыт Ата; 120014 ул. Айтеке би, 29 а, г.Қызылорда, Қазақстан; e-mail: aia_mukanova@mail.ru; <https://www.orcid.org/0000-0001-9332-2591>

Смағұлова Жанна Бағлановна; магистр экономики; старший преподаватель кафедры «Экономика и управление»; Кызылординский государственный университет им. Коркыт Ата; 120014 ул. Айтеке би 29, а, г.Қызылорда, Қазақстан; e-mail: zchanna_555@mail.ru; <https://www.orcid.org/0000-0002-3800-7983>

Бельгибаева Анаргүл Сарсенбаевна; кандидат экономических наук, доцент; профессор кафедры «Бизнес и услуги», Кокшетауский университет им.Ш.Уалиханова; 020000 ул. Абая, 76, г.Кокшетау, Казахстан; e-mail: anargul.belgibayeva@mail.ru; <https://www.orcid.org/0000-0001-5583-0624>